

ЕЛІМІЗДЕ СҮТ ЖӘНЕ СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

С.С. Калиева

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы


E-mail: s.k_1991@mail.ru

Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – кез-келген экономикалық объектілерге тән қасиет. Сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін талдағанда, ең алдымен, оған әсер ететін факторларға тоқталған жөн. Оған өнім сапасы, бағасы, тұтынушы талғамы және жаңашылдық факторлары әсер етеді [1].

Қазір ұлттық тұтыну нормасы бойынша еліміздің сүт және сүт өнімдеріне деген сұранысы – 4,1 млн тонна (жан басына шаққанда 260 кг). Былтыр республика бойынша 5,1 млн тонна сүт өндірілген болатын. Бұл қажетті шаманы 124 пайызға қамтамасыз етіп отыр деген сөз. Сүт өңдеу кәсіпорындары бір жылда бар-жоғы 1,4-1,5 млн тоннадай ғана сүт өңдейді. Яғни елімізде өндірілген сүттің 31,6 пайызы ғана өңделеді [2].

Өңдеуден өткен сүт және сүт өнімдерінің бағасы тасымалдаушылар арқылы түпкі тұтынушыларға жеткенге дейін бірнеше рет өзгеріп, сәйкесінше өнімнің өзіндік құнынан бірнеше есе қымбат болып жетеді.


Келесі мәселе рынокта шетелдік өнімдердің үлесі басым болуы. Тұтынушылар бағасы арзан болғандықтан да сырттан келген сүт өнімдеріне бет бұрады. Ал, импорттық сүт бағасының арзан болуы оларға қойылатын кедендік баж салығының төмендігінен екені анық.



Сурет 1 – 2012ж. Қазақстанға импортталған тауарлардың үлесі

Қазақстанның Сүт одағы жасаған зерттеулерге көз салсақ, сырттан келетін импорттық сүттің көлемі 2012 жылға қарай аздап азайғанымен, импорттық өнімдер әлі де бізде көп екені байқалады. Бұл статистикалар мемлекетімізді азық-түлік қауіпсіздігімен қамтамасыз ету мақсатына айран, табиғи сүт өндіру көрсеткіштері жағынан аздап жақындағанымен, ірімшік, сары май, құрғақ сүт тұтытуда импорттық тауарларға тәуелді екенімізді айғақтайды.

Сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі оны өткізуге кеткен



шығындарға да байланысты.

Сурет 2 – Сүт өндіруші кәсіпорындардың шығыны

Суреттен көріп отырғандай жем-шөпке шығын басым болып отыр. Яғни арнайы мамандандырылған жем өндірісін қолға алмай бұл мәселені шешу мүмкін емес.

Сонымен қатар, отандық сүт және сүт өнімдері ассортиментінің тар екендігін атап кету керек. Осыған байланысты сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тағы бір бағыты өнім ассортиментін кеңейту болып табылады. Инновациялар мен жаңа технологияларды пайдалана отырып, ұзақ уақыт сақталатын десертті өнімдердің, дәрумендер қосылған өнімдердің, ұлттық өнімдер мен балаларға арналған өнімдердің түрлерін көбейту қажет [3].

Сүт өнімдері рыногінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін келесі шаралар қолданылуы қажет:

- мемлекет тарапынан араласу қажет (ірі көлемде инвестициялар құю);
- жаз уақытында сүт және сүт өнімдерін өңдеп үлгіре алмай жатса, қыс мезгілінде оған сұраныс күрт төмендейді. Сондықтан тиімді баланс орнатып, кәсіпорын құрылымын, тауар ассортиментін өзгерту, маусымдық бағаларды енгізу қажет. Сүт және сүт өнімдерінің бағасы осы қалыпта сақталса, нарықта импорттық тауарларға деген сұраныс арта түспек.

Қорыта келе, азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығы ел экономикасының негізгі басым бағыттары болып табылады. Бұл сүт индустриясының тиісті дамуының, пайдалы да қауіпсіз сүттің артуының кепілі. Ондай істің нәтижесі ұлт денсаулығынан көрініс таппақ. Сондықтан сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ғылыми негізделген, инновациялық технологиялық жаңалықтар енгізетін, салықтық, кедендік жеңілдіктер, сондай-ақ сапа менеджментін, тауар экспорты субсидиясы, несиелеу, техника мен жабдықтар лизинг қолдану жеңілдігінің экономикалық механизмдері қарастырылған шаралар кешенін жасау қажет.

Әдебиет:

1. Құламбаев Б.Қ., Нұрымбетов С.И. Қазақстанда сүт өнімдерін өндіру – Қайнар, 1987., 36-75б.
2. Барақбаев Б, Беркингали Е. Сүт және сүт тағамдары – Алматы: Қайнар, 1989., 20б.
3. Рүстембаев Б.Е., Нұртаева Ж. Ш., Әбдіров А. М. Сүт және сүт өнімдерін өндірудің жаңа технологиялары мен экономикасы - Астана: КазМАТУ, 2007, 57-100бб.
4. Сактаева А.А. Сүт және сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату (Шығыс Қазақстан облысы материалдары бойынша), 2010

5. Проект развития АПК 2013-2020 – Астана, 2013 ж.